

**"Көкшетау облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 2 мамыр N 6986

"Көкшетау облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы U973482\_  
Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мына аудандардың:

- 1) таратылып отырған Арықбалық ауданының аумағы енгізіліп, Айыртау ауданының;
- 2) таратылып отырған Уәлиханов ауданының Уалиханов және Еңбекшілдер селолық округтерінің аумақтары енгізіліп, Еңбекшілдер ауданының;
- 3) таратылып отырған Көкшетау ауданының аумағы енгізіліп, Зеренді ауданының;
- 4) таратылып отырған Уәлиханов ауданының Қарасу және Қайрат

селолық округтерінің аумақтары енгізіліп, Уәлиханов ауданының;

5) шегіне таратылып отырған Көкшетау ауданындағы Красный Яр селосының аумағы енгізіліп, Көкшетау қаласының;

6) таратылып отырған Келлер және Чкалов аудандарының аумақтары енгізіліп, Тайынша ауданының;

7) таратылып отырған Чистополь және Рузаев аудандарының аумақтары енгізіліп, Целинный ауданының;

8) таратылып отырған Ленинград ауданының аумағы енгізіліп, Ақжар ауданының шекаралары өзгертілсін.

2. Көкшетау облысының әкіміне заңдарда белгіленген тәртіппен:

- 1) Целинный ауданындағы Куйбышев поселкесін Новошим поселкесі;
- 2) Уалиханов ауданындағы Қызылту поселкесін Кішкенекөл поселкесі;
- 3) Айыртау ауданындағы Володар селосын Саумалкөл селосы деп қайта атау мәселесін шешу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК